

Нысанның БҚСЖ бойынша коды Код формы по ОКУД КҰЖЖ бойынша ұйым коды Код организации по ОКПО	
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Министерство здравоохранения Республики Казахстан	
Мемлекеттік органның атауы Наименование государственного органа "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Ұлытау облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Ұлытау аудандық санитариялық- эпидемиологиялық бақылау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі Республиканское государственное учреждение "Улытауское районное управление санитарно-эпидемиологического контроля Департамента санитарно-эпидемиологического контроля области Улытау Комитета санитарно- эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан"	

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды
Санитарно-эпидемиологическое заключение
№ М.08.X.KZ48VWF00118410
Дата: 21.11.2023 ж. (г.)

1. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптау (Санитарно-эпидемиологическая экспертиза)

Ұлытау облысы білім басқармасының Ұлытау ауданының білім бөлімінің "№14 жалпы білім беретін мектебі" КММ

(«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодекстың 20-бабы сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізілетін объектінің толық атауы) (полное наименование объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы, в соответствии со статьей 20 Кодекса Республики Казахстан от 7 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»)

Жүргізілді (Проведена) **Заявление от 11.11.2023 11:31:37 № KZ50RYS00479912**

өтініш, ұйғарым, қаулы бойынша, жоспарлы және басқа да түрде (күні, нөмірі)
по обращению, предписанию, постановлению, плановая и другие (дата, номер)

2. Тапсырыс (өтініш) беруші (Заказчик)(заявитель) **Ұлытау облысы білім басқармасының Ұлытау ауданы білім бөлімінің «№14 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Ұлытау ауданы, Бетбұлақ ауылы, Алғабас селолық округі, Мектеп көшесі, 12А**

Шаруашылық жүргізуші субъектінің толық атауы (тиесілігі), объектінің мекен жайы/орналасқан орны, телефоны, басшысының тегі, аты, әкесінің аты (полное наименование хозяйствующего субъекта (принадлежность), адрес/месторасположение объекта, телефон, Фамилия, имя, отчество руководителя)

3. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізілетін объектінің қолданылу аумағы (Область применения объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы)

Білім беру

сала, қайраткерлік ортасы, орналасқан орны, мекенжайы (сфера, вид деятельности, месторасположение, адрес)
Негізгі және жалпы орта білім беру

4. Жобалар, материал дарезірленді (дайындалды) (Проекты, материалы разработаны (подготовлены) **Қажет емес**

5. Ұсынылған құжаттар (Представленные документы) **Өтініш №KZ50RYS00479912 11.11.2023 жылғы және Тексерілген зертханалық зерттеулердің хаттамалары**

6. Өнімнің үлгілері ұсынылды (Представлены образцы продукции) **Қажет емес**

7. Басқа ұйымдардың сараптама қорытындысы (егер болса) (Экспертное заключение других организаций если имеются) **Ұсынылған жоқ**

Қорытынды берген ұйымның атауы (наименование организации выдавшей заключение)



8. Сараптама жүргізілетін объектінің толық санитариялық-гигиеналық сипаттамасы мен оған берілетін баға (қызметке, үрдіске, жағдайға, технологияға, өндіріске, өнімге) (Полная санитарно-гигиеническая характеристика и оценка объекта экспертизы (услуг, процессов, условий, технологий, производств, продукции))

Ұлытау облысы білім басқармасының Ұлытау ауданының білім бөлімінің "№14 жалпы білім беретін мектебі" КММ Ұлытау ауданы, Бетбұлақ ауылы, Алғабас селолық округі, Мектеп көшесі, 12А ғимаратта орналасқан, 2020 жылы 80 орындық 2 қабатты арнайы жобада кірпіш ғимаратта салынған, ғимараттың жалпы ауданы-1701,03 шаршы метр, тұрғын аумағы - 1404,1 шаршы метр,

"№14 жалпы білім беретін мектебі" КММ-нің аумағы темір қоршаумен қоршалған. Объектінің учаскесіне кіру және одан шығу жолдары тротуарға арналған плиткалар төселген, мектеп алдыңғы беті толық брусчатка төселген, көлікпен кіру жолдары, шаруашылық құрылыстарға, қоқыс жинайтын алаңдарға, санитариялық-ауалық қондырғыларға өтетін жолдарға асфальт төселмеген, тазалауға қолжетімді басқада қатты жабынмен жабылған, объектінің учаскесі абаттандырылған, учаскесінде жабдықталған ШО пен бастауыш сынып оқушыларына арналған балалар ойын алаңы, жеке футбол алаңы, жылу қазандығы салынған, спорт алаңы және шаруашылық аймақтарға бөлінген. Ғимарат қауіпсіздік камералары, сыртқы жарықтандыру шамдарымен қамтамасыз етілген. Тұрмыстық қалдықтарға арнайы орын бөлініп, қоқыс жинағыштар контейнерлер қойылған, тығыз жабылатын қақпақтармен жабдықталған, контейнерлер бетон қоршаумен үш жағынан қоршалған, алаң ғимараттан кемінде 35 м қашықтықта орнатылған. Жалпы территорияға тазалық жұмыстары сапалы жүргізілген.

Ғимараттың 1-ші қабатында әкімшілік директордың кабинеті, іс жүргізуші бөлмесі, денешынықтыру залы, қыз балалармен ұл балаларға арналған әжетхана, қол жуғыштар, оқушылардың сырт киім шешетін орны, мұражай, асхана, шағын орталық және бастауыш сынып бөлмелері қаралған. Денешынықтыру залы қосымша ұлдар мен қыз балаларға арналған киім шешінетін бөлмелермен қамтамасыз етілген.

Ғимараттың 2-ші қабатында кітапхана, медициналық екі бөлме, психолог пен әлеуметтік педагогқа арналған кабинет, жоғары сынып бөлмелері, мұғалімдер бөлмесі, информатика, биология, тарих пен география бірлескен, ағылшын, қазақ тілі мен химия кабинеттері, қыз балалар мен ұл балаларға арналған әжетхана, қол жуғыштар орналасқан.

Ғимараттың жобалық қуаты 80 балаға арналған, қазіргі уақытта мектепте барлығы 2 ауысыммен 53 бала оқиды, шағын орталықта 10 орынға арналған, келіп жүргені 10 бала. Ғимаратта бөлмелер саны, аумақтары нормативке, яғни үй-жайлардың орналасуына және санитариялық-техникалық жағдайына қойылатын талаптарға сай келеді.

Ғимарат Бетбұлақ ауылының орталықтандырылған ауыз-су жүйесіне қосылған, орталықтандырылған ыстық су жүйесі жоқ, электрлі су жылытқыштар орнатылған. Тұрмыстық қалдық суларға септик салынған. Ауыз-су режимі ұйымдастырылған, оған жауапты тұлға басшының бұйрығымен тағайындалған Ауыз-су арнайы ыдысқа құйылған, ыдыс оқушыларға қолжетімді жерде орналасқан..

Ғимарат көмір отыны арқылы автономды жылу қазандығы арқылы жылытылады,

Жарықтандыру жүйесі аралас, атап айтқанда табиғи және жасанды. Барлық бөлмелер электр үнемдегіш электр шамдарымен қамтамасыз етілген. Сынып тақтасы оған параллель орнатылған екі шаммен жарықтандырылған, тексеру барысында істен шыққан шамдар анықталған жоқ. Жұмыс істемейтін, істен шыққан электр үнемдегіш электр шамдары арнайы қоймада сақталады, люминесценттік шамдар пайдаланылмайды. Ауаны баптау, желдету барлық бөлмелерде есік, терезе арқылы, яғни табиғи жолмен жүзеге асады.

Ғимарат барлық керекті санитарлық-техникалық құрылғылармен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілген. Сынып бөлмелерінің жиһазы мен жабдығы балалар мен жасөспірімдердің бой-жас ерекшеліктеріне сәйкес жабдықталған.

Оқу бөлмелері, зертханалар белгіленген өлшемдегі жұмыс үстелдерімен және орындықтармен жабдықталған, оқу жабдықтарының санитариялық жағдайы қанағаттанарлық. Физика, химия сыныбына су жүйесі кіргізілген, алайда қазіргі уақытта химия сабағында сілті, қышқылдар пайдаланылмайды. Сілті, қышқылдар сақтайтын арнайы сейфпен қамтамасыз етілген, Техникалық жұмыскерлер арнайы жұмыс киімімен қамтамасыз етілген.

Мектеп бойынша барлығы 1 компьютерлік сынып жабдықталған. Сыныптардың ішкі әрленуі санитарлық талаптарға сай жүргізілген. Компьютерлерді орналастыру периметриялық қатарда жүзеге асқан. Сыныптағы жабдықтар санитариялық талаптарға сай. Компьютермен жұмыс барысында профилактикалық жаттығулар жүргізіледі. Сыныптардағы компьютерлердің қауіпсіздігі туралы құжаттары бар. Компьютерлердің құрылымдарын жуып-сүрту, күту жұмыстары арнайы құралдармен жүзеге асады. Істен шыққан компьютерлерді арнайы балаларға қолжетімсіз жерде сақталады.

Шағын орталық барлық керекті санитарлық-техникалық құрылғылармен, жұмсақ және қатты топтық үй жайларының жабдықтарымен, қатты және жұмсақ мүкамалдармен толықтай қамтасыз етілген.

Санитариялық тораптарда, ас блогында, ылғалды режимді үй-жайларда (іштегі әжетхана, қол жуатын



бөлмелер) ылғалға төзімді басқа да материалдармен 1,8 м-ден аспайтындай биіктікте қапталған, еденге төсеу үшін ылғал өтпейтін кафель төселген.

Медициналық үй-жайларды, ас блогын және дәретханаларды күн сайын дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып тазалайды. Белгіленген тәртіппен қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялау ерітінділері дайындалған күнін көрсете отырып, таңбаланған ыдыстардағы нұсқаулыққа сәйкес дайындайды. Дезинфекциялау және жуу құралдары және олардың жұмыс ерітінділері балалар мен жасөспірімдердің қолы жетпейтін орындарда сақталған.

Жинау мүкәммалы (шелектер) таңбаланады және әр үй-жайға (санитариялық тораптарға, медициналық кабинетке, әр оқу бөлмесіне, шеберханаларға және т.б.) бөлек арналады және арнайы бөлінген орындарда сақталады.

Дезинсекция, дератизация жұмыстарын жүргізуге ҚР Денсаулық сақтау министрлігі СЭБҚ комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ұлытау облысы филиалы бойынша Ұлытау аудандық бөлімшесімен аудандық білім бөлімі келісім-шартқа отырған.

Өндірістік бақылауға келісім-шартқа отыру үшін аудандық білім бөліміне ұсыныс берілген.

9.Құрылыс салуға бөлінген жер учаскесінің, қайта жаңартылатын объектінің сипаттамасы (өлшемдері, ауданы, топырағының түрі, учаскенің бұрын пайдаланылуы, жер асты суларының тұру биіктігі, батпақтану, желдің басымды бағыттары, санитариялық-қорғау мағының өлшемдері, сумен, канализациямен, жылумен қамтамасыз ету мүмкіндігі және қоршаған ортамен халық денсаулығын атигізер әсері, дүние тараптары бойынша бағыты) (Характеристика земельного участка под строительство, объекта реконструкции; размеры, площади, видгрунта, использование участка в прошлом, высота стояния грунтовых вод, наличие заболоченности, господствующие направления ветров, размеры санитарно-защитной зоны, возможность водоснабжения, канализования, теплоснабжения и влияния на окружающую среду и здоровью населения, ориентация по сторонам света;)

10.Зертханалық және зертханалық-аспаптық зерттеулер мен сынақтардың хаттамалары, сонымен қатар бас жоспардың, сызбалардың, суреттердің көшірмелері
(Протоколы лабораторных и лабораторно-инструментальных исследований и испытаний, а также выкопировки из генеральных планов, чертежей, фото)

Бар

11. ИСК-мен жұмыс істеуге рұқсат етіледі (разрешаются работы с ИИИ)

ИСК түрі және сипаттамасы (вид и характеристика ИИИ)	Жұмыстар түрі және сипаттамасы (Вид и характер работ)	Жұмыстар жүргізу орны (Место проведения работ)	Шектеу жағдайлары (Ограничительные условия)
1	2	3	4
I. Ашық ИСК-мен жұмыстар (работы с открытыми ИИИ)	Жоқ	Жоқ	Жоқ
II. Жабық ИСК-мен жұмыстар (Работы с закрытыми ИИИ)	Жоқ	Жоқ	Жоқ
III. Сәуле өндіретін құрылғылармен жұмыстар (Работы с устройствами, генерирующими излучение)	Жоқ	Жоқ	Жоқ
IV. ИСК-мен басқа жұмыстар (другие работы с ИИИ)	Жоқ	Жоқ	Жоқ

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды



Санитарно-эпидемиологическое заключение

Ұлытау облысы білім басқармасының Ұлытау ауданының білім бөлімінің "№14 жалпы білім беретін мектебі" КММ

(«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шіздегі Қазақстан Республикасы Кодекстың 20-бабы сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізілген объектінің толық атауы)
(полное наименование объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы, в соответствии со статьей 20 Кодекса Республики Казахстан 7 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»)

(санитариялық-эпидемиологиялық сараптама негізінде) (на основании санитарно-эпидемиологической экспертизы) **«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №76 бұйрығы, «Өндірістік бақылауға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2023 жылғы 7 сәуірдегі №62 бұйрығы, «Су көздеріне, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және мәдени тұрмыстық суды пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2023 жылғы 20 ақпандағы №26 бұйрығы, «Дезинфекция, дезинсекция және дератизация жұмыстарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2022 жылғы 29 шілдедегі №68 бұйрығы, «Қалалық және ауылдық елді мекендердің, өнеркәсіптік ұйымдардың аумағындағы атмосфералық ауаның гигиеналық нормативтерін» бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2022 жылғы 2 тамыздағы №70 бұйрығы, «Адамға әсер ететін физикалық факторлардың гигиеналық нормативтерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2022 жылғы 16 ақпандағы №15 бұйрығы, «Адамға әсер ететін физикалық факторлардың көздерімен жұмыс істеу жағдайларына қойылатын санитариялық қағидалардың» санитариялық-эпидемиологиялық талаптарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің м.а. 2021 жылғы 6 тамыздағы №79 бұйрығы**

Санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтерге (санитарным правилам и гигиеническим нормативам) сай **сай (соответствует)**

Ұсыныстар (Предложения):

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодекстің негізінде осы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының міндетті күші бар.

На основании Кодекса Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения» настоящее санитарно-эпидемиологическое заключение имеет обязательную силу

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Ұлытау облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Ұлытау аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі

Булкышева көшесі, № 25 үй

Бас мемлекеттік санитариялық дәрігер, қолы (орынбасар)

Республиканское государственное учреждение "Улытауское районное управление санитарно-

эпидемиологического контроля Департамента санитарно-эпидемиологического контроля области

Ұлытау Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан"

улица Булкышева, дом № 25

(Главный государственный санитарный врач (заместитель))

Танабаев Ерлан Альмуханович

тегі, аты, әкесінің аты, қолы (фамилия, имя, отчество, подпись)



